

Алынғаны:

Метан-сутектік фракция	15,8	14,0
Этилен	24,5	50,0
Пропилен	15,0	1,0
Этан-пропандық фракция	7,5	31,0
Бутилен-бутадиендік фракция	12,2	2,0
Сұйық өнімдер (C ₅ және жоғары)	25,0	2,0
жеңіл шайыр	(22,2)	-
ауыр шайыр	(2,8)	-
Барлығы	100,0	100,0

Аппаратура. Құбырлы пиролиздік реактор (пиролиз пеші) — жаңа заманғы пиролиз қондырғыларының негізгі реакциялық аппараты. Құбырлы реактордың басты жағымды қасиеттері — конструкциясының қарапайымдылығы, аздаған пайдаланушылық шығындары, жұмысының тұрақтылығы.

Қондырғыдағы пиролиз пештерінің саны бір пештің қуаттылық бірлігіне және қондырғының өнімділігіне байланысты болады. Мысалы, қуаттылығы шикізат бойынша жылына 250 мың тонна болатын пиролиз қондырғысында алты пеш бар, олардың әрқайсысында 7-7,5 т/сағатына шикізат пиролизденеді. Ал қуаттылығы шикізат бойынша жылына 1 млн.т. болатын, іріленген пиролиз қондырғысында өнімділігі де жоғары болатын барлығы төрт ғана құбырлы пештер болады.

Пиролиз пешінде, шикізат қажетті тереңдікке дейін өте аз уақыт аралығында ыдырайтындай, реакциялық аймақ көлемі жасалынуы тиіс. Реакциялық жыланша радиантты камерада орналасқан, онда қыздыру бетінің жылу кернеулігі максималды екендігі белгілі.

Пиролиздік қондырғыларда түрлі конструкциядағы құбырлы пештер қолданылады:

1) Бір камералы, пеш түбінде орналасатын конвекциялық секциядан және алау типті жанарғыдан тұратын;

2) Екі камералы, екі от жағатын камерасы бар, олардың әрқайсысы жеке қысқа алау жанарғысымен қыздырылады; бұл пештерде екі камераға ортақ, түтін газдарын шығару үшін арналған конвекциялық камера болады;

3) жалынсыз типті жанарғысы бар құбырлы пештер; бір жақты және екі жақты сәулелену экрандары бар пештер де болады.